

БӨЛІМ: ГЕОГРАФИЯ

Дүниежүзілік мұхит, оның бөліктері

ЖАРИЯЛАНДЫ
30.05.2017СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/14846/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Аманжолов Жәнібек Балтабекович

Сабақтың мақсаты:

Жаңаша оқыту мен тәрбиелеу жағдайындағы жүйелі жұмыстың үлгісі мен әдістерін жасау. Өзін — өзі дамытуға құштар, икемді, ақпараттық — интеллектуалдық қабілеті жоғары, жаңашыл, қазіргі заман талабына сай, оқушылардың өзін — өзі дамыту, өз жұмыстарын ұйымдастыру, ойлау қабілетін дамыту, шығармашылыққа баулу.

Қызығушылықты ояту:

Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу, құралдарын тексеру

Психологиялық ахуал орнату : Үнемі бір-біріңізге жақсылып тілеп жүріңіздер

Топтастыру. Оқушыларды топтарға бөлу (теңіз,көл,өзен)

Су - түссіз, мөлдір, иісі — дәмі жоқ үнемі ағып жататын зат.

2) Табиғатта су сұйық, қатты, газ күйінде кездеседі.

3) Температура өзгергенде су бір күйден екінші күйге ауысады.

4) Адам ағзасының 70%- ы судан тұрады, су - тіршілік көзі.

Жердегі су. Планетамыздағы судың мөлшері 1616 млрд. км³ екендігін айтады. Олар Жер бетіндегі бүкіл судың мұхиттар мен теңіздерге 96, 5%, мұздықтар мен тұрақты қарларға - 1, 7% қатысты. Ал өзендер, көлдер, батпақтар және атмосферадағы суға тек қана 0, 06% ғана тиеді. Жер бетіндегі тұщы су 2, 5%. суды адам өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, күнделікті тұрмыста пайдаланады.

Дүниежүзілік мұхит бөліктері

Жер шарының үлкен бөлігін алып жатқан су айдыны - дүниежүзілік мұхит деп аталады.

Дүниежүзілік мұхиттың жалпы ауданы 361 млн км²

Дүниежүзілік мұхит 4 мұхиттан тұрады.

Ең үлкен, ең терең мұхит - Тынық мұхиты

Көлемі жөнінен екінші орындағы мұхит - Атлант мұхиты

Оңтүстік жарты шардың көп бөлігін ала орналасқан 3 — ші мұхит - Үнді мұхиты, Мұхиттардың ең кішісі - Солтүстік Мұзды мұхит.

Мұхиттардан суының қасиеттері, тіршілік дүниесі жөнінен айырмашылығы болатын бөлігін теңіздер деп атайды.

Теңіздер: Ішкі: Қара, Балтық, Жерорта

Сыртқы: Кар, Баренц, Жапон, Охот, Норвег, Саргасс

Шығанақ деп мұхиттың не теңіздің құрлыққа сұғына еніп жатқан бөлігін айтады.

Бұғаздар дегеніміз - екі жағынан материктер немесе аралдар жағаларымен шектелген еңсіз су айдыны.

Картамен жұмыс: Шығанақ 18° с. е; 85 ш. б; Шығанақ 60°с. е; 85° б. б;

Түбек 65°с. е; 142° ш. б; Бұғазы 45° с. е; 15° ш. б;

Бұғазы 36° с. е; 7° б. б; Теңіз 18° с. е; 65° ш. б;

Гидросфера -...

Жер шарындағы судың.... мұхиттар мен теңіздердің үлесіне тиеді.

Мұздықтар мен тұрақты қарларға -...., жер асты суларына -...., өзен, көл, батпақтағы және атмосферадағы суларға -... тиесілі.

Су табиғатта 3 күйде.... кездеседі.

Су - тірі ағзаның құрамды бөлігі. Барлық..... 80 — 99%, ал.... 75%- ға жуығы судан тұрады.

Мұхиттардың бөліктерін..... құрайды.

Теңіздер..... және..... деп бөлінеді.

Географиялық диктант:

Ең үлкен мұхит:

Ең үлкен мұхиттың ең үлкен теңізі:

Ең үлкен шығанақ:

Ең үлкен бұғаз:

Ең кіші мұхит:

Ең терең бұғаз:

Ең терең шұңғыма:

Ең ұзын бұғаз:

Ең тұзды теңіз:

Ең жылы мұхит:

Жердің 1/3 бөлігін ——— мұхиты алып жатыр. Ол — жағынан да ең үлкені. Бұл мұхиттағы температура ————. Мұхитта ең үлкен киттер өмір сүреді. Мұхит арқылы — жолдары өтеді. Ауданы жағынан екінші орында — мұхиты. Оның үлесіне балықтың — ауланады. Бұл — мұхитында теңіздер мен аралдар салыстырмалы түрде аз. Оңтүстігінде кит аулау шаруашылығы дамыған. Ең суық және суы тұшылауы — мұхиты. Суының тұздылығы —%. Бұл мұхитқа ірі ————өзендері келіп құяды.

Экологиялық тәрбие : “Судың да сұрауы бар”.Әр-бір топ судың ластануы жайлы және оның алдын алу шаралары туралы баяндама жасайды.Сұрақтар беріледі.

Пікір талас орнату:

Табиғатта су (мұхит, көл, өзен, теңіз) неге таусылып қалмайды. Себебі?

Қорытынды

Бағалау

Үй тапсырмасы : Тауырыпты оқып,қосымша баяндама,рефераттар дайындап келу.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.